

Экспорт/импорт бойынша валюталық шарттардағы өзгерістер 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2023 жылғы 29 қыркүйектегі №78 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №1054 бірлескен қаулысы және бұйрығымен бекітілген **Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары** өзгерістер (бұдан әрі – Қағидалар) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Не өзгереді?

1. ҚР Ұлттық Банкіне (ҚР ҰБ) ақпарат жіберу бойынша Уәкілетті банктер (УБ) үшін жаңа ережелер көзделген:

Егер бейрезиденттің репатриация бойынша орындалмаған міндеттемелері 50 000 АҚШ долларынан асқан жағдайда, **01.01.2025 дейін** УБ банктік бақылаудың жеке карточкалары (ББЖК) нысанындағы ақпаратты жолдайтын.

Ал 01.01.2025 бастап УБ келесі жағдайларда да қосымша ББЖК жіберетін болады:

- егер есепке алу нөмірі валюталық шарт бойынша **міндеттемелерді орындау басталғаннан кейін** берілсе;
- егер тараптар **міндеттемелерді орындау шарттарының немесе мерзімдерінің өзгергенін растайтын құжаттарды** уақтылы ұсынбаса.

2. Валюталық шартты есептік тіркеуден алуға негіз болатын жаңа талап бөлек шығарып көрсетілді:

Егер валюталық шарт бойынша берешектің қалдығы **50 000 USD-ден кем болса** және экспорттаушы немесе импорттаушы міндеттемелердің тоқтатылғанын растаса, шарт есептік тіркеуден шығарылуы мүмкін.

3. Атқарушылық құжаттар бойынша қаражатты аудару процесіндегі өзгерістер:

01.01.2025 дейін қаражатты аудару үшін экспорттаушының немесе импорттаушының жазбаша келісімі талап етіліп келді.

Ал 01.01.2025 жылдан бастап, егер құжатта міндеттемелерді есепке алуды жүзеге асыратын банк туралы ақпарат көрсетілсе, жеке сот орындаушысының (ТЖК) жазбаша келісімі ғана жеткілікті.

Бұл өзгерістер сіздерге қалай әсер етеді?

Бұл өзгерістер есеп беру процесіне және сіздің бизнесіңізге қатысты валюталық келісімшарттар бойынша ақша аударымдарына әсер етуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (ҚР ҚМ МКК) тарапынан қабылдануы ықтимал әкімшілік шаралардың алдын алу үшін бұл жаңа талаптармен мұқият танысып, құжаттамаларыңыздың және бизнес-процестеріңіздің жаңартылған Қағидаларға сәйкес келетіндігіне көзіңізді жеткізіңіз.

Егер сұрақтар туындаса немесе қосымша ақпарат қажет болса, біздің мамандар Сізге әрдайым түсіндірме беруге мен көмек көрсетуге дайын.